

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір республикалық мемлекеттік мекемелерін қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 774 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Республикалық қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектеп-интернаты" және "О.Жәутіков атындағы республикалық физика-математика мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты" және "О.Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемелері болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111

қ а у л ы с ы м е н .

4. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі